

қомақты көлемде қаражатталап етеді. Олармен бұлыңғыр мазмұндағы шартқа онлайн отыру арқылы өз міндеттеріннен көрі тапсырма беруші тараптың міндеттерін молайта қойып оларды жіпсіз байлайды. Бұл ретте клиент өз тарапынан шарттан бас тарта алмайды. Шарт бойынша, егер сатып алудан бас тартқан жағдайда, ол бұл соманы екі есе мөлшерде ешқандай қызмет көрсетілмесе де төлеуге міндеттенеді. Мұндай шарттар сатып алушының құқықтарына нұқсан келтіреді.

Тағы бір нұсқа: риэлтор өз клиентінің жылжымайтын мүлік иесімен кездесуіне кедергі келтіреді. Бұл жағдайда ол сатушы атынан әрекет ететіндігіне көндіріп, мәміле туралы ақпаратты жасырады және бұрмалайды. Ол клиенттің пәтер иесіне сыйақы сомасын айтпағанын өтінеді. Содан кейін ол әр тарапқа әр түрлі соманы атағаны белгілі болады. Мұндай тәжірибе өте кең таралған.

Өкінішке орай, Қазақстанда риэлторлық агенттіктердің қызметін реттейтін заңнама жоқ. Ал бұл істердің барлығы риэлторлық қызмет көрсету ережелерін заңнамалық деңгейде енгізу уақытының келгенін айтады. Заңда айыппұлдың екі еселенуі, риэлторлардың келісімшартқа қандай шарттарды енгізуге құқығы жоқтығы, келісімшарттан шығуға тыйым салуы және басқа да түрлі айла-амалдар туралы егжей-тегжейлі жазылуы керек. Сонымен қатар онлайн көрсетілетін риэлторлық немесе өзге де онлайн қызмет көрсету саласын нақты реттейтін заңдар қажет [6].

Әдебиеттер тізімі:

1. «Интернет» тақырыбындағы эссе (тақырып) ағылшын тіліндегі реферат Интернеттің артықшылықтары мен кемшіліктері <https://muegn.ru/kk/medicina/sochinenie-pros-and-cons-of-the-internet-na-angliiskom-s-perevodom.html>
2. История интернета <https://ru.wikipedia.org/wiki/>
3. Онлайн қызметтер : Құжат алу қолжетімді болмақ. / А. Кәкімжанова // Наш Қостанай. – («Біздің Қостанай» қосымшасы). – 2019. – 23 шілде. – Б. 7.
4. ‘When Can We Go to School?’ Nearly 300 Million Children Are Missing Class <https://www.nytimes.com/2020/03/04/world/coronavirus-schools-closed.html>
5. Public schools expected to remain closed for the rest of the academic year, Newsom says <https://www.latimes.com/california/story/2020-04-01/coronavirus-school-closures-california>
6. Советы казахстанцам: как не стать жертвой риэлторов-мошенников <https://liter.kz/sovety-kazahstanczam-kak-ne-stat-zhertvoj-rieltorov-moshennikov/>

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА АЖЫРАСУ ПРОЦЕСІН АЛДЫН АЛУДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕХАНИЗМІН ЖЕТІЛДІРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Тоқатов Р.А. - Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің азаматтық және еңбек құқығы кафедрасының аға оқытушысы, з.ғ.м.,
Қанаят А.Н.- Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, заң факультетінің 3-курс студенті*

Заман дамып, өзгерген сайын адамдардың, жалпы қоғамның көзқарасы өзгереді. Бұл- шындық, себебі заманға сай адамдардың психологиясы, қоршаған адамдарға деген ойлары басқа қырынан өзгереді. “Адам өзгермейді дегеннің тілін кесем”- деген емес пе еді хәкім Абай? Демек, адамның қарым-қатынасқа да деген көзқарасы өзгермей қоймайды. Ал, біздің менталитетімізгеотбасы құндылықтарын бірінші орынға қою, отбасы ұйтқысын сақтау сынды нәрселер бойымызға әбден сіңіп кеткен. Ал, қазіргі таңда бұл құндылықтар жойылып бара жатқан секілді. Өйткені елімізде ажырасу мәселесі белен алып кетті. Гендерлік құқық заңнамасы қабылданған соң, әйелдер құқығы қоғамда айқын көрініс таба

бастағаннан кейін, ажырасу фактісі де көптеп тіркеле бастаған. Оның себебі-әйелдердің өз-өздерін қамтамасыз ете алатындай дәрежеге жетуі.

Ажырасу (некені тоқтату) ҚР-ның Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Кодексіне сәйкес- өздеріне байланысты емес мән-жайлар салдарынан (қайтыс болу, олардың біреуін қайтыс болған деп жариялау немесе хабар-ошарсыз кеткен деп тану) не осы Кодексте белгіленген тәртіппен некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу жолымен ерлі-зайыптылардың екеуінің де, не біреуінің өз еркі бойынша іс-әрекеттер жасауы нәтижесінде ерлі зайыптылар арасында заңдық қатынастардың тоқтатылуы болып табылады.

Статистикаға сүйенетін болсақ, ҚР-да 2019 жылдың бірінші тоқсанындағы некелер саны Қазақстан Республикасында 27,9 мыңды құрады. Қалалық жерлерде неке үлесі 67% құраған, яғни 18,7 мың адам. Селолық жерлерде олардың үлесі сәйкесінше 33%. Жалпы, өткен жылы неке саны 137,8 мыңды құрады, бұл 2017 жылмен салыстырғанда 2,8% аз. Қалалық жерлерде неке үлесі бір жыл ішінде 68,3% -дан 69,6% -ға дейін өсті, ал ауылдық жерлерде тиісінше 31,7% -дан 30,4% -ға төмендеді. 2018 жылы 54,8 мың ажырасу тіркелді, бұл 2017 жылмен салыстырғанда 0,3% ға көп. Ажырасулардың төрттен үш бөлігі қалаларда болды (бір жыл бұрын - 74,6%), тек 25% -ы ауылдық жерлерде (бір жыл бұрын - 25,4%). Қазақстанда ажырасу ең көп тіркелетін аймақтарға Павлодар облысы (53%), Қостанай облысы (51%), Солтүстік Қазақстан облысы (50%) жатады. Ал ажырасу аз тіркелген аймақ ОҚО екен.[1]

UNSTAT мәліметтеріне қарағанда неке коэффициенті бойынша Қазақстан БҰҰ-ға кіретін 100 елдің ішінде 16-орнында тұр. Қазақстан Иран, Ресей, Албания, Тәжікстан мен Мысыр сияқты елдерден кейін тұрақтаған. Ал ажырасу коэффициенті бойынша Қазақстан осы елдер арасында 24-орында. Еуропа елдерінің ішінде ажырасу коэффициенті ең жоғары Бельгия, Португалия, Венгрия екен.[2]

Басқа мемлекеттермен салыстыратын болсақ, мысалға, Ресейде 2019-жылы 863039 адам неке қиған болса, оның 583942-сі, яғни 68%-ы ажырасқан. Танымал Американдық әлеуметтанушы мен психолог Констанция Аронс әлемде әрбір 13 секунд сайын 1 отбасы ажырасатынын есептеп, дәлелдеген. Бір АҚШ-тың өзінде жыл сайын 1 миллион отбасы ажырасады.[3]

Ажырасу-әлеуметтік проблемаға айналып, енді қоғамда қалыпты жағдай ретінде қабылдана бастады. Кез-келген проблеманың шиеленісуі- қоғамда оған деген қалыпты көзқарастың тууына әкелетіні сияқты, ажырасу да осындай деңгейге жетті.

Негізгі мәселе – осы ажырасу факторын болдыртпау. Себебі, не дегенмен де, ажырасу- отбасының ойрандалуы, ал арада бала болса, тағдырдың бұзылуы. Ажырасуды болдыртпау үшін ең бірінші, оның орын алу себептерін анықтау керек. Шын мәнінде - себеп өте көп. Бірақ сауалнама нәтижелері көрсеткендей ажырасудың басты себептері мыналар: Тұрмыстық зомбылық; ер не әйелдің ішімдікке салынуы; ер не әйелдің есірткіге салынуы; күйеуінің не әйелдің жұмыссыз болуы; жұбайлардың өмірге деген көзқарастарының сәйкес келмеуі; күйеуі не әйелі некеге дейін бірін-бірі ұнатпаған, некеден кейін де ұната алмаған; көзге шөп салу; материалдық қиындықтар; бедеулік және т.б. Мысалға, қазіргі таңда еліміздің көп бөлігі үйдің үлкені немесе кенжесі ата-анасымен бірге тұруы қалыпты жағдай деп есептейді. Бірақ уақыт өте келін мен ене арасында түсініспеушіліктер орын алады. Ол түсініспеушілік үлкен дауға айналғанда ерлі-зайыптылар арасына іріткі салынады, яғни көп жағдайда жігіттер не анасын не жұбайын жақтайтынын білмейді. Әрине бала үшін ананың орны ерекше. Осындай жағдайларда ер адам ата-анасын сыйламайтын адамның қажеті жоқ деп ажырасуға бекінеді. Тағы бір мысалды айта кететін болсақ, көп жағдайда ерлі-зайыптылар материалдық жағдайға кеп тіреледі. Жалақының аздығы, тұрмыс-тіршіліктің төмендігі, ерлі-зайыптылардың балаға көңіл аудармауы сияқты мәселелер түрткі болады немесе қазіргі көп кездесіп жатқан жағдай ерлі-зайыптылардың бір-бірінің көзіне шөп салуы. Одан кейін – алып қашу мәселесі бір бөлек. Өздері жақын таныс емес немесе қыздың ырықсыз алып қашып

ақырында ажырасып жататын мысалдар аз емес. Бұл да еліміздегі ажырасу дертінің себептерінің бірі. Зерттеулер көрсеткендей, маскүнемдік салдарынан- 41%, баспананың жоқтығынан - 26%, қарапайым балаларының болмауы салдарынан- 8%, ата-аналардың араласуынан - 14%, бас бостандығынан айырылғандықтан - 2%, жалғыз тұрудан - 6% адамдар ажырасқан.

Ең алдымен, кәмелетке толмаған балалар ажырасудан зардап шегеді. Кәмелетке толмаған балалар көбінесе аналарымен қалады, ал балалардың әкесі заң бойынша жалақысының төрттен бір бөлігін немесе егер балалар бір немесе одан көп болса, жартысын алимент төлеуге міндетті. Ажырасулардың көпшілігі логика күшін жоғалтатын әйелде жинақталған эмоциялар. Көбінесе ер адамдардың ажырасқысы келмейді. Босанғаннан кейінгі әйел өзін сенімді сезінеді. Басты өмірлік миссия орындалды. Тіпті ең жақсы көретін ерлі-зайыптылардың арасында әйелдердің өздері кем дегенде бір рет ажырасатын болсам, онда бала менде қалады деп ойлады. Бұл жағдайда ер адам көшбасшы ретінде өз позициясын жоғалтады, егер ол бірдеңе болса, отбасын және баласын жоғалтатынын түсінеді. Осы тәрізді көптеген себептерді көрсете беруге болады.

Қазіргі қоғамда орын алып отырған жағдайларды зерттей келе ажырасудың кейбір негізгі себептерін атап өтуге болады:

1. Ерлі-зайыптылардың бір-біріне деген сенімсіздігі. Отбасының басты тірегі-ол бір-біріне деген сенімділік. Себебі, жанұяда сенімділік болса, кез келген мәселелерді шешуге, қиындықтардан шығуға септігін тигізетін дүние. Ал егер ерлі-зайыпты арасында сенімділік жоғалса, ол-ашу-ыза, жеккөрінішке және ажырасуға әкеп соқтырады.

2. Ерлі-зайыптылардың біреуінің алкоголь мен есірткіге тәуелділігі. Статистикаға сәйкес, бұл ажырасудың ең көп таралған себебі, барлық отбасылардың шамамен 30% - ын бұзады. Тұрақты стресс, жоғары жүктеме, өмірдің ашулы ырғағы адамдарды бөтелкенің түбінен жұбаныш іздеуге мәжбүр етеді. Ер адамдар алкогольизмге бейім, өйткені отбасы үшін жауапкершілік көбінесе оларға жүктеледі. Көптеген адамдар үшін бұл ауыртпалық өте ауыр, әсіресе егер ерлі-зайыптылардың қолдауы болмаса бұл жағдай әрине ажырасуға алып келеді.

3. Қаржылық қиындықтар. Ерлер мен әйелдердің мәселеге деген көзқарасы әр түрлі, тіпті керісінше айтуға болады. Кейбір адамдар тобы отбасылық өмірді өзінің мансаптық өсуіне кедергі ретінде жиі қабылдайды. Отбасы ішіндегі қаржылық жетіспеушілік отбасының құлдырауына септігін тигізбей қоймайды.

4. Туыстарымен бір шаңырақ астында тұру. Тұрғын үй мәселесі әрқашан үлкен қалалардың тұрғындары үшін өткір болды. Жеке тұрғын үйге көшу мүмкін болмай, жас жұбайлар әдетте үйде ерлі-зайыптылардың бірінің ата-анасымен тұрады. Бірақ ата-анамен ауызбіршілікте көп уақыт тұрған отбасылар сирек кездеседі. Ерекше жағдайларда ажырасу орын алады.

5. Күйеуінің немесе әйелінің ұзақ сапарлары. Көптеген адамдардың қызметі үнемі саяхаттауды және үйден тыс жерде болуды қамтиды. Бұл спортшылар, әскери теңізшілер, ұшқыштар, жүргізушілер, әртістер. Үйленетін немесе тұрмысқа шығатын жандар әдетте, оларды не күтіп тұрғанын білмейді. Жалғыздық сезімі, жұбайына деген сағыныш және қызғаныш тіпті ең күшті махаббатты өлтіруі мүмкін.

6. Сәбидің болмауы. Ерлі-зайыптылардағы бедеулік бүгінде сирек емес, осы себепті некенің 6% - ы бұзылады. Отбасының берік болуына септігін тигізетін дүние-ортада баланың болуы. Бала-отбасы үшін өмірдің мәні, ер адам үшін ұрпағының жалғасы. Сол себепті ортада баланың болмауы-көбіне ер адамдардың ажырасуға бел бууымен ұласады.

7. Өмірге деген көзқарастардағы шешілмейтін қайшылықтар. Некеге тұру кезінде көптеген адамдар маңызды тағдырлы мәселелерді талқылауға алаңдамайды. Олар қайда тұрады, міндеттерін қалай бөліседі және отбасылық бюджетті кім және қалай басқарады және балалы бол ма деген сұрақтарға бас қатырмайды. Нәтижесінде, көзқарастар өте жиі бөлінеді және ерлі-зайыптылардың ешқайсысы ымыраға келгісі келмейді. Әрқайсысы бір-бірін жамандауға тырысады, жанжалдар мен қақтығыстар басталады, нәтижесінде

адамдар жай ғана ажырасып қана қоймай, ең нашар жауларға айналады. Мұндағы негізгі себеп-екі адамның психологиялық және жеке мәселелерінің салдары екендігі жиі белгілі болады.

Адамдар бұл ішкі мәселелерді әрдайым шеше алмайды және дұрыс қорытынды жасай алмайды. Егер ажырасқаннан кейін адам бұрынғы жұбайының барлық күнәлары үшін айыптаса және өзінен бір тамшы кінәні көрмесе – оның келесі қарым-қатынасы құлдыраумен аяқталады деп айтуға болады.

8. Ажырасудың психологиялық аспектілері. Адамның барлық проблемаларының, оның ішінде отбасылық қарым – қатынас орната алмауының негізі-адамның психологиялық жетілмегендігі. Басқаша айтқанда-инфантилизм. Бұл құбылыс кең таралған және біздің заманымызда бұлыңғыр құндылықтар мен моральдық нұсқаулықтардың болмауына байланысты жою өте қиын. Бұл жауапкершілікті өз мойнына алмау мен қабілетсіздіктен, өзіне сенім артудан бас тартудан, эмоционалды және материалдық жайлылықтың сыртқы көздерін іздеуден көрінеді.

Психологтар ажырасу ықтималдығын арттыратын бірнеше факторларды анықтайды. Олардың біріншісі-жас мәселесі. Отбасын құру үшін оңтайлы кезең 23 жастан 30 жасқа дейін деп саналады. Адам оқуын бітіріп, ата-анасынан бөлініп, тәуелсіз ересек өмірге көшеді. Осы кезде ой-өрісі жетіліп, алдына мақсат қойып, өзіне артылатын жауапкершілікті сезіне біледі. Қазіргі жайттарға назар аударсам, ерте отбасын құрған жандар бір жыл өтпестен ажырасып жатады. Бұл ажырасудың себебі, ерлі-зайыптылардың жауапкершілікті сезіне алмауы, болашаққа қиялмен қарап, кейін үйленгеннен кейін отбасылық мәселемен соқтығысуы.

Некені қалай сақтауға болады? Біреу тек өз күшіне үміттенеді, біреу туыстары мен достарынан көмек сұрайды, ал біреу отбасылық психолог кеңесшісіне жүгінеді. Бірлескен неке өмірінің негізгі принциптерін сақтау -көптеген қателіктерден аулақ болуға мүмкіндік береді.

Ажырасудың алдын алу-бұл отбасының толыққанды жұмыс істеуіне, мүмкін проблемалардың алдын алуға ықпал ететін шаралар кешені. Алдын алудың бір жолы – арнайы оқыту және білім беру бағдарламаларын әзірлеу. Мәселен, отбасы мен отбасылық тәрбие мәселелерін зерттеу ерлі-зайыптылардың қарым-қатынасты реттеудің қажетті білімі мен дағдыларын жинақтау және игеру мәселелерінде мамандардың көмегіне мұқтаж екенін көрсетеді.

Ажырасудың алдын алу келесі бағыттарды қамтиды:

- отбасылық кеңес беру;
- психологиялық кеңес: отбасылық жанжалдардың алдын алу және шешу, өмірдің әртүрлі кезеңдеріндегі отбасылық қарым-қатынас психологиясы, жас отбасындағы дағдарыстар;
- заңгерлік кеңес: жас отбасыларға арналған тұрғын үй бағдарламалары, неке шартын жасау;
- медициналық кеңес: балалардың тууын жоспарлау, ауырған балаға алғашқы медициналық көмек көрсету тәсілдері;
- педагогикалық кеңес беру (жанжалсыз отбасылық өмірді оқыту, ерлі-зайыптылармен жұмыс істеу, отбасылық проблемалар мен жанжалдарды шешуге көмектесу).
- рөлдік ойындар, отбасын жоспарлау мәселелеріне, отбасылық тәрбие негіздеріне, бала тууға дайындық мәселелеріне арналған тренингтер;
- босануға бірлескен дайындық мәселелері, жүкті әйелдің әлемді қабылдау ерекшеліктері, жас анаға көмектесу туралы дәрістер, әңгімелер;
- "отбасылық өмір өнері", "біздің отбасымыз – ең жақсы", "біз баланы күтеміз" және т. б. сияқты болашақ ерлі-зайыптыларға арналған буклеттер, жадынамалар әзірлеу.

Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, осы іс-шараларды өткізу ерлі-зайыптылардың неке-отбасы қатынастары саласындағы хабардар болу деңгейін арттыруға ықпал ететін болады. Бұл неке бұзу процестерінің төмендеуіне әкеледі.

Өкінішке орай, кей жағдайда тіпті мамандардың көмегі отбасылық қарым-қатынасты сақтауға көмектеспейді. Сонда көптеген адамдарда сұрақтар туындайды: әрі қарай қалай өмір сүру керек? Болашақта бақытқа сене аламын ба? Балалармен не болады? Оларға зақым келтірместен қалай түсіндіруге болады?

Ажырасу-оған қатысқандардың бәрі үшін стресстік жағдай. Барлық отбасы мүшелері әр түрлі сезімдерді сезінеді: ашуланшақтық, кінә, реніш, қорқыныш, қайғы, аңсау, үмітсіздік және ең алдымен балалар жарақат алады. Балаға жаңа жағдайларға бейімделу оңай емес. Күнделікті өмірге бейімделу бұзылады. Тұлғаның терең өзгеруіне, махаббат пен адалдық, отбасы туралы идеяларға қатысты ұзақ салдары бар. Бала қолайсыз отбасылық сценарийді қалыптастырады, онда ажырасу қалыпты, табиғи құбылыс. Әдетте ажырасқан ата-аналардың балалары отбасының бірлігін бағаламайды, отбасылық қақтығыстарды қалай шешуге болатынын білмейді. Өз-өзіне күмәндану ересектермен, тіпті құрдастарымен сөйлесуде ұялшақтықты, алаңдаушылық пен қорқынышты, ерекше жағдайлар мен жаңа таныстардан қорқуды тудырады. Мектепте бала сәтсіздікке ұшырауы мүмкін, бастама көтеруден қорқады, оған достық қарым-қатынас орнату қиынға соғады.

Қорытындылай келе, біздің ойымызша ҚР «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы кодексінің 4-тарауына өзгерістер енгізіп, негізсіз ажырасудың алдын алу үшін мынандай әрекеттерді жүзеге асыруымыз қажет:

1) Айыппұл төлету. Әлемнің кейбір елдерінде мұндай тәжірибе бұрыннан бар. Бізде бұл тәжірибені енгізу ажырасулар санының өсуіне кедергі келтіретін фактор болуы мүмкін. Өткен жылы Ресей Федерациясы Мемлекеттік Думасының депутаттары ажырасқаны үшін 1000 доллар көлемінде айыппұл енгізуді ұсынды. Ал Вьетнамда ажырасу үшін 10-20 миллион донг төлеу керек екен. [4]

2) Нақты себепті айқындау. Мысалға, Америка Құрама Штаттарында ажырасуға тыйым салынбағанмен, кейбір штаттарда ерлі-зайыптылардың ажырасуға рұқсаты ерлі-зайыптылардың бірі кінәсі дәлелденген жағдайда ғана берілуі мүмкін. Мысалы, опасыздық ажырасудың нақты себебі деп саналады. Бірақ оның фактісі дәлелденуі керек. [5]

3) Нақты себеп болған жағдайда, ата-ананың разылығын алу. Мысалға, Африканың басқа елдерінде, мысалы Того, Ганаға жақын жерде, ажырасу үшін алдымен қайын енесімен байланысып, осы шешімнің себептерін түсіндіріп, оның рұқсатын алу керек. Дәл осы себепті Тогодағы ажырасу деңгейі 0% құрайды. Біздің бұл тәжірибеден байқайтынымыз, егер ерлі-зайыптылар асығыстықпен ажырасуға бекінетін болса, онда бірінші кезекте ата-анасының разылығын алуы қажет. Себебі әрбір ата-ана балаларын татуластыру үшін барлық жағдайды жасайды. Соның салдарынан ерлі-зайыптылар қайта толғанып, дұрыс шешім қабылдауы мүмкін. [6]

4) Той көйлегін кигізу. Мысалға, Гана азаматтары сотқа келіп, үйлену тойындағыдай киінген жағдайда ғана ажырасуға болады. Яғни, біз бұл тәжірибеден ерлі-зайыптылар ажырасуға той көйлектерін киіп баратын болса, өздерінің алғашқы үйленген сәттерін еске түсіріп, балалары болған жағдайда оларды ойлап, қайта басынан бастауға бел буулары мүмкін. Менің ойымша, бұл тәжірибе ажырасудың алдын алуы мүмкін [7].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

1. Ажырасудың зияны. - [сайт] URL: <https://www.muftyat.kz/kk/nasihath/zhumaminberi/2019-01-31/21826-azhyirasudiyi-ziyanyizhma-uayizyi/>
2. Ажырасудың зияны. - [сайт] URL: <https://www.muftyat.kz/kk/nasihath/zhumaminberi/2019-01-31/21826-azhyirasudiyi-ziyanyizhma-uayizyi/>
3. Ажырасудың зияны. - [сайт] URL: <https://www.muftyat.kz/kk/nasihath/zhumaminberi/2019-01-31/21826-azhyirasudiyi-ziyanyizhma-uayizyi/>
4. Хочешь разводиться-заплати штраф! - [сайт] URL: <https://365info.kz/2017/03/hochesh-razvoditsya-zaplati-shtraf>

5.Страны, где запрещены разводы.- [сайт]
URL:<https://zen.yandex.ru/media/id/5cdc09a3566f1500b369c62a/strany-gde-zaprecseny-razvody-5d7a59f4d7859b00ad2b8ffd>

6.Необычные законы с африканского континента: Развод возможен только с согласия свекрови.- [сайт] URL: <https://noi.md/ru/v-mire/neobychnye-zakony-s-afrikanskogo-kontinenta-razvod-vozmozhen-toliko-s-soglasiya-svekrovi>

7.Чтоб развестись в Гане, надо прийти в суд в своих свадебных нарядах. - [сайт]
URL:<https://tvcenter-ru.turbopages.org/tvcenter.ru/s/raznoe/chtob-razvestis-v-gane-nado-priyti-v-sud-v-svoih-svadebnyh-platyah/>

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНДА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚ ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Өмірзаққызы Б.

*Қазақстан Республикасы ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының
жалпы заң пәндері кафедрасының оқытушысы, полиция капитаны,
заң ғылымдарының магистрі*

XX ғасырдың ортасында дүниежүзіндегі экологиялық жағдайдың ауырлауына байланысты экология жеке ғылым ретінде қалыптасты. Бүгінгі таңда адамның экологиялық көзқарасын қалыптастру арқылы қоршаған ортаға деген жауапкершілігін арттыру өте өзекті мәселе болып табылады. Қазіргі ауыр экологиялық дағдарыс заманында тәрбие мен білім берудің негізі ең алдымен адам мен табиғаттың қарым қатынас принципін жетілдіру процесінде, экологиялық білім мен тәрбие берудің маңызы зор болып табылады. Қазақстанның экологиялық құқығы құқық саласы ретінде 1917 жылығы қазан төңкерісінен кейін «Кең мағынадағы жер құқығының» құрамында пайда болды. Қазақстан Республикасы 1999 жылы 4 қаңтарда «Экологиялық білім» бағдарламасын бекітті. Осы бағдарлама аясында көптеген жұмыстар жүргізіліп келеді. Ғаламдық экологиялық мәселелерді шешудің амалдарын табу үшін біз ең алдымен экологиялық құқыққа тоқталайық. Қазіргі уақытта ішкі істер органдарында экологиялық құқықты оқытудың маңызы зор. Себебі кез келген тұлға білім, мәдениет және экология ғылымдарынан сауатты болуы керек екені анық. Білім - ол ізденуге, зерттеуге жол ашатын үлкен жол. Тек жол ашып қана қоймай алынған білімді тәжірибеде қолдана білу шарт. Егерде біз экологиялық сауаттылықты неғұрлым арттырсақ қоршаған ортаға деген жауапкершілік оң нәтижесін беретіні анық.

Экологиялық құқық дегеніміз - экологиялық-заңдылық нормаларының (тәртіп ережелері) жиынтығы. Ол қоршаған ортаны қорғау, экологиялық зияндардың зардаптарын алдын ала ескерту, адамды қоршаған табиғи ортаны сауықтыру және сапасын арттыру жолында адам мен табиғаттың өзара қоғамдық (экологиялық) қатынасын реттейді. Қоғам мен табиғаттың өзара әрекеттері аясындағы, адамдардың қазіргі және келешек ұрпақтарының мүдделері үшін табиғат байлығын қорғау және ұтымды пайдалану саласындағы қоғамдық (экология) қатынастарды реттейтін заң нормаларының жиынтығы [1].

Экологиялық құқық, құқық саласы ретінде - адамдардың мүдделері үшін қоғам мен табиғат арасындағы үйлесімді байланыстарға жету мақсатында экологиялық қоғамдық қатынастарды жүзеге асыратын арнайы тәсілдерді реттейтін құқықтық нормалар екенін көріп отырмыз.

Экология құқығының әдістері – қоғам мен табиғат арасындағы үйлесімді байланысқа жетуге бағытталған, олар табиғатқа да, қоғамға да қатысты заңдылықтардың құқықтық реттелуінің сақталуына негізделеді. Экология құқығы 3 негізде оқытылады: пән ретінде, сала ретінде, ғылым ретінде. Экология құқығы пән ретінде - теория мен тәжірибелердің сұрақтарын қарастырады.